

Сыбайлас жемқорлық пен үйымдастырылған қылмысқа қарсы күрес жөніндегі республикалық комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 21 қыркүйек N 1871. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.04.01. N 2165 жарлығымен.

Мемлекеттік өкімет және басқару органдарының сыбайлас жемқорлық пен үйымдастырылған қылмысқа қарсы күрес жөніндегі қызметінің тиімділігін арттыру және оны үйлестіру, сондай-ақ мемлекеттік органдар лауазымды адамдарының құқыққа қарсы іс-әрекет жасағаны үшін жауапкершілігінің шүбесіздігін қамтамасыз ету мақсатында қауалы етемін:

1. Сыбайлас жемқорлық пен үйымдастырылған қылмысқа қарсы күрес жөніндегі республикалық комиссия мынадай құрамда құрылсын:
Жукеев Т.Т - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің
хатшысы, төраға

<*>

Қажыбаев А. - Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесі Бақылау палатасының төрағасы, төрағаның орынбасары
(келісуі бойынша)

Комиссия мүшелері:

Айымбетов С.С. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің төрағасы

Әбішев Х.Ә. - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты (келісуі бойынша)

Баранов М.И. - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты (келісуі бойынша)

Бейсенов С.Д. - Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Бас бақылау инспекциясының төрағасы

Бельгер Г.К. - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты (келісуі бойынша)

Тихонов С.В. - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
бірінші орынбасары

Токпакбаев С.Б. - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік
комитетінің тәрағасы

Тұяқбаев Ж.А. - Қазақстан Республикасының Бас прокуроры
(келісуі бойынша)

Часников И.Я. - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің
депутаты (келісуі бойынша)

Баекенов Б.Ә. - комиссияның мүшесі

<*>

Ескерту. Өзгерістер Президенттің 1994 ж. 23 желтоқсандағы
N 1993 Жарлығымен енгізілген.

2. Комиссияның негізгі міндеттері:

- сыйбайлас жемқорлық пен ұйымдастыран қылмысқа қарсы курес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында сыйбайлас жемқорлықтың орын алуына ықпал ететін себептер мен жағдайлардың бетін ашу мен жою жөніндегі шаралар кешенін өзірлеп, оның жүзеге асырылуына бақылау жасау;

- республикалық және жергілікті атқару органдарының, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің мамандандырылған бөлімшелерінің мемлекеттік қызметшілер, соның ішінде Президент немесе Жоғарғы Кеңес қызметке тағайындалап (сайлап) және қызметтен босататындар арасында ұйымдастыран қылмыстық іс-әрекеттің, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық фактілерінің бетін ашып, оларға тыйым салу жөніндегі қызметін үйлестіру;

- Қазақстан Республикасының Президенті мен Жоғарғы Кеңесіне қоғам және мемлекет үшін ерекше қауіпті осынау қылмыстық көріністерге қарсы күресті қүшейтудің шұғыл заңдық, ұйымдық және өзге де шараларын қолдану жөнінде ұсыныстар даярлау болып табылады деп белгіленсін.

3. Сыйбайлас жемқорлық пен ұйымдастыран қылмысқа қарсы курес жөніндегі республикалық комиссияның жұмыс органы болып Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының Заңдылықты, құқық тәртібі мен сот реформасын қамтамасыз ету бөлімі белгіленсін.

4. Сыйбайлас жемқорлық пен ұйымдастыран қылмысқа қарсы курес жөніндегі республикалық комиссия Қазақстан Республикасының Президенті мен Жоғарғы

Кеңесіне тоқсан сайын сыйбайлас жемқорлық пен ұйымдастырылған қылмысқа қарсы күрестің жай-күйі туралы ақпарат табыс етіп отырады деп белгіленсін.

5. Сыйбайлас жемқорлық пен ұйымдастырылған қылмысқа қарсы күрес

жөніндегі республикалық комиссияның тәрағасы Комиссия туралы
Ережені 1994 жылғы 15 қазанға дейін Қазақстан Республикасы
Президентінің бекітуіне ұсынатын болсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК